

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ КӨКШЕТАУ
ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСАНЫҢ
«№11 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧЕРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА – ГИМНАЗИЯ №11»
ГОРОДА КОКШЕТАУ
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КОКШЕТАУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

02.09.2025

Көкшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 447

г. Кокшетау

**Мектептің Қамқоршылық кеңесінің
құрылуы және Ережесінің бекітілуі туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» (2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 және 2024 жылғы 31 шілдедегі № 195 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен) сәйкес, мектептің дамуына жәрдемдесетін және оның қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектептің дамуына жәрдемдесу, ата-аналар қоғамдастығымен өзара іс-қимылды нығайту және білім беру ұйымының қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында КММ «№11 мектеп-гимназиясында» Қамқоршылық кеңес құрылсын.
2. КММ «№11 мектеп-гимназиясының» Қамқоршылық кеңесі туралы Ереже бекітілсін (қоса берілген).
3. Қамқоршылық кеңестің құрамы ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, педагогикалық қызметкерлер және оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінен айқындалсын (тізім қоса берілген).
4. Қамқоршылық кеңестің төрағасына мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып:
 - Кеңестің жұмысын бекітілген Ережеге сәйкес ұйымдастыру;
 - 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу;
 - Отырыстарды тоқсан сайын кемінде бір рет өткізу;
 - Кеңес отырыстары мен қабылданған шешімдер туралы ақпаратты мектептің интернет-ресурсында орналастыру тапсырылсын.

5. Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Смаанбаева А.М. — Қамқоршылық кеңестің қызметіне ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеу жүргізсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Кусакаева Б.Б.